ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 05 ақпан №7119-24-00-2/598 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕР:

«MS&DS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС)
«Dariya medica (Дарья медика)» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК жауапкерлер «MS&DS» ЖШС және «Dariya medica (Дарья медика)» ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«MS&DS» ЖШС БСН 181040020537 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«MS&DS» ЖШС БСН 181040020537 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«MS&DS» ЖШС БСН 181040020537 «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы»

ШЖҚ РМК БСН 990740002243 пайдасына 912 (тоғыз жүз он екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 28 (жиырма сегіз) теңге көлемінде сот шығындары өндірілсін.

«Dariya medica (Дарья медика)» ЖШС БСН 171040007469 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Dariya medica (Дарья медика)» ЖШС БСН 171040007469 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Dariya medica (Дарья медика)» ЖШС БСН 171040007469 «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК БСН 990740002243 пайдасына 2 754 (екі мың жеті жүз елу төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 83 (сексен үш) теңге көлемінде сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 05.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.03.2024, судья Нурланов Б. К., 29.03.2024